

publisher.agency
Poland

May, 2023

No 2



Warsaw, Poland
12-13.5.2023

International
Scientific
Conference

Research Retrieval and Academic Letters

UDC 001.1

P 97

Publisher.agency: Proceedings of the 2nd International Scientific Conference «Research Retrieval and Academic Letters» (May 12-13, 2023).
Warsaw, Poland, 2023. 315p

ISBN 978-988-8704-52-1



9 789888 704521 >

ISBN 978-9-8887-0452-1

DOI 10.5281/zenodo.7935257

Editor: Dagmara Witkowska, Professor, University of Warsaw

International Editorial Board:

Dorota Kołodziej

Professor, Jagiellonian University

Urszula Kaźmierczak

Professor, Warsaw University of Technology

Tomasz Sobczak

Professor, Wrocław University of Science & Technology

Filip Chmielewski

Professor, Warsaw University of Life Sciences

Oliwia Szczepańska

Professor, Medical University of Silesia,
Katowice

Arkadiusz Ziółkowski

Professor, Poznań University of Economics

Jan Kwiatkowski

Professor, Warsaw School of Economics

Daria Wróblewska

Professor, University of Arts of Poznań

Lena Krupa

Professor, Adam Mickiewicz University

Dawid Pawlak

Professor, Jan Kochanowski University

Roksana Jankowska

Professor, Nicolaus Copernicus University

Karol Chmielewski

Professor, University of Opole

Jędrzej Zawadzki

Professor, University of Warmia and Mazury
in Olsztyn

Katarzyna Brzezińska

Professor, Marie Curie-Skłodowska University

editor@publisher.agency

<https://publisher.agency/>

Table of Contents

Pedagogical Sciences

PEDAGOGICAL FEATURES OF THE THEORY AND METHODOLOGY OF PHYSICAL EDUCATION	6
<i>HƏMZƏBƏYOVA TƏRANƏ AĞA RZA</i>	
LOWER AND UPPER LEVELS OF SPOKEN LANGUAGE AND THEIR DIFFERENCES	11
<i>HASANOVA SEVDA HUSEYN</i>	
МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ	16
<i>РАФИЕВА ХУРАМАН АЛИ</i>	
ЗНАЧИМОСТЬ МООК ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ ЦИФРОВОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ БИОЛОГОВ.....	20
<i>АУБАКИР АЙДАНА ГАНИЕВНА</i>	
<i>МАЙМАТАЕВА АСИЯ ДҮЙСЕНГАЛИЕВНА</i>	
CREATIVE COMPETENCE AND ITS STRUCTURE	23
<i>MUKHAMBETAINA NAZERKE BAKITOVNA</i>	
<i>DALBERGENOVA LYAZZAT ELEMESOVNA</i>	
БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУДЕГІ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	27
<i>АЙДЫН А.</i>	
КАК ОДНО ИЗ НАПРАВЛЕНИЙ ПРАКТИКО-ОРИЕНТИРОВАННОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ПО ПРЕДМЕТУ ХИМИИ -	
СОЦИОГУМАНИТАРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ	34
<i>ГАЛЫМОВА НУРЖАНАР ГАЙСАТҚЫЗЫ</i>	
APPLICATION OF INTERACTIVE METHODS IN TEACHING PATTERNS WITH THE CONCEPTS OF ECONOMIC GEOGRAPHY	38
<i>ZHOLDASBEK SYMBAT BEKZATKYZY</i>	
<i>USENOV NURBOL ERGESHOVICH</i>	
THE ROLE OF DIGITAL TECHNOLOGIES IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING IN HIGH SCHOOL.....	41
<i>DAVYDENKO Y.Y.</i>	
<i>SERIKBAYEVA N.A.</i>	
<i>UTETLEUOVA A. E.</i>	
БОЛАШАҚ БИОЛОГ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУДА АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	48
<i>АМАНБАЕВА МАХАББАТ БАТЫРҒАЛИҚЫЗЫ</i>	
<i>ӘБДІКӘРІМ ӘЙГЕРІМ САФАДАТҚЫЗЫ</i>	
DESIGNING A PYTHON-BASED INTERDISCIPLINARY CURRICULUM TO ADDRESS THERMODYNAMIC AND KINETIC CHALLENGES IN CHEMISTRY	52
<i>AIZHAN MUKHAN</i>	
<i>ARAILYM BAKYTBЕКOVA</i>	
<i>BALZHAN UTEMURAT</i>	
EQUIVALENCE IN TRANSLATION.....	56
<i>MURSHUDOVA ULDUZ BASHIR</i>	
<i>ISRAPHILOVA MAHIRE LUTFALY</i>	
BENEFITS OF INQUIRY-BASED INSTRUCTION AS A TEACHING STRATEGY	63
<i>NURAN MURSHUDZADA</i>	
ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МУЗЫКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ	69
<i>ҮРГЕНІШБАЕВА ДАНАКОЗ АХМЕТХАНОВНА</i>	
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР	
МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	74
<i>ТЕЛБАЕВА ЛЯЗЗАТ ЖАМАЛХАНОВНА</i>	
<i>ТУРАЛЫ АҚЖҰНИС</i>	
APPLICATION OF ORAL APPROACH OR SITUATIONAL LANGUAGE TEACHING IN EFL CLASSES.....	81
<i>KAZIMOVA NAILA</i>	
ВЫСШЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ, КАК ИНСТРУМЕНТ МЯГКОЙ СИЛЫ ТУРЦИИ В КАЗАХСТАНЕ	84
<i>ИСКАКОВ А.Т.</i>	
<i>АСКЕЕВА ГҮЛНАР БАЙТАНОВНА</i>	
ICTs AND NEW SCENARIOS FOR DIVERSITY	90
<i>JOSÉ MANUEL SALUM TOMÉ</i>	

Philological Sciences

EVOLUTION AND PROBLEM OF THE COLLOQUIAL FRENCH IN THE 21ST CENTURY	104
<i>SAMID NASIROV AHIR</i>	
FOREIGN LANGUAGE ANXIETY AND VARIABLES IN DISTANCE LEARNING.....	109
<i>SEIDIKENOVA A.S.</i>	
<i>MALSHY M.M.</i>	
СИНОНИМИЧНЫЕ ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ КОНЦЕПТЫ	115
<i>ТАЖИБЕКОВА ДИНАРА БАУЫРЖАНҚЫЗЫ</i>	
<i>НУРСАЛИ ҚУАНЫШ САБЫРЖАНҰЛЫ</i>	
HEYDAR ALIYEV, HOPE AND PRIDE OF AZERBAIJANI PEOPLE	117
<i>MAMMADOVA SHALALA ARIF</i>	
TRANSLATION OF GRADATIONS FROM ENGLISH INTO RUSSIAN.....	121
<i>FARIDA ISMAILOVA</i>	
POETIC TENDENCIES FORMED IN OUR LITERATURE IN THE SIXTY YEARS OF THE LAST CENTURY	126
<i>RZAYEVA GARANFIL ZEYGAM</i>	
THE ROLE OF HAYDER ALIYEV IN THE DEVELOPMENT OF THE AZERBAIJAN LANGUAGE	130
<i>FARZALIYEVA MATANAT CHERKAZ</i>	
SPECIAL PARTS OF SPEECH IN TURKISH LANGUAGES	135
<i>SUSAN FAHRADDIN GIRL HUSEYNOVA</i>	

ҚАЗАҚ БИ-ШЕШЕНДЕРІ СӨЗДЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ МӘНІ.....	139
---	-----

РАХЫМ ҚҰНДЫЗ БЫБЫРАЙҚЫЗЫ

Chemical Sciences

APPLICATION OF FATTY ACID IMIDAZOLINES AS DIESEL FUEL LUBRICATING PROPERTIES ADDITIVES	143
--	-----

KASAMANLI KHAYALA HAMLET

SHANBAZOVA NAIBA FAIG

`AZƏRÇAY` YAŞIL ÇAY YARPAQ EKSTRAKTINDAN DƏMİR NANOHİSSƏCİKLƏRİNİN YAŞIL SINTEZİ	146
--	-----

İSMAYILOVA CƏMİLƏ ƏDALƏT

İBADOVA SEVINC YADULLA

QULIYEVA NƏRMINƏ ARTUROVNA

К ВОПРОСУ ПОЛУЧЕНИЯ ЭЛЕКТРОДНОГО КОКСА ИЗ ТЯЖЕЛЫХ НЕФТЯНЫХ ОСТАТКОВ.....	149
--	-----

САЛИМОВА НИГЯР АЗИЗ АГА КЫЗЫ

МИРЗАЛИЕВА САБИНА ВУГАР КЫЗЫ

СИНТЕЗ Н-ФОРМЫ ВЫСОКОДИСПЕРСНОГО ЦЕОЛИТА ZSM-5 ДЛЯ АЛКИЛИРОВАНИЯ БЕНЗОЛА ЭТАН-ЭТИЛЕНОВОЙ ФРАКЦИЕЙ.....	153
--	-----

СУЛЕЙМАНОВ РУСЛАН НИЗАМИ ОГЛЫ

АЙРАЛОВА ТАМАРА

INFLUENCE OF ANTIOXIDANTS ON JELLY PRODUCTS BASED ON JERUSALEM ARTICHOKE	156
--	-----

ZHANSAYA Mergenova

DETERMINATION OF THE THERMODYNAMIC FUNCTIONS OF THE POLYMORPHIC TRANSITION OF THE $\text{Cu}_8\text{Si}_{0.5}\text{Ge}_{0.5}\text{S}_6$	
---	--

ARGYRODITE PHASE BY DSC METHOD	164
--------------------------------------	-----

KHANMAMEDOV ILHAM NAZIM

BAYRAMVA ULVIYYA RAFIQ

MASHADIYEVA LEYLA FARKHAD

Historical Sciences

HEYDAR ALIYEV AND AZERBAIJAN	166
------------------------------------	-----

ƏLİYEV SEVİL BAYRAM

XV-XVIII ғғ. ПОЭТИКАЛЫҚ ЖЫРАУЛАР ТІЛІНДЕГІ ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІН БІЛДІРЕТІН ТЕРМИНДЕР	169
--	-----

СЕЙІТБЕКОВА АЙНУР АТАШЕКОВНА

ЖАНАБАЕВ ҚАЙРАТ

ТУРГЕНБАЕВА АЙЖАН ШОХАНОВНА

ДРЕВНЕЕ ГОРОДИЩЕ ТАРАЗ НА ТЕРРИТОРИИ БЫВШЕГО ЦЕНТРАЛЬНОГО БАЗАРА В ТАРАЗЕ.....	175
--	-----

КАЛЫШ АМАНЖОЛ

БЕРТАЙ АСЫЛБОЛАТ

Pharmaceutical Sciences

RESEARCH OF THE RANGE OF SURGICAL SUTURE MATERIALS REGISTERED IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN	183
---	-----

BAKYTOVA KARINA KANATOVNA

LESSOVA ARDAK ASKARBEKKYZY

TLEUBAYEVA MERUYERT ILYASOVNA

АТМОСФЕРА ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ.....	187
---	-----

БИСЕНБАЕВ АРСЕН АРТУРУЛЫ

КЕҢЕС ЖҰМАБЕК АСЫЛБЕКҰЛЫ

МҰХАНОВА АДЕМИ ТУРКМЕНБАЙҚЫЗЫ

Economic Sciences

ҚАЗІРГІ ҚАЛА ОРТАСЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕРДІҢ РӨЛІ.....	190
--	-----

Р. М. БАЛГУЖИНА

INTEGRATION OF STATE AUDIT IN THE EAEU COUNTRIES.....	194
---	-----

ZHAGALBAYEVA MERUYERT

SHAKHAROVA ALIYA

ФОРМУВАННЯ ФІНАНСОВИХ РЕСУРСІВ МАЛОГО БІЗНЕСУ.....	200
--	-----

АРМЕН Р. ХОДЖАЯН

ЕСЕПТИҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ.....	207
---	-----

ТЛЕУМБЕКОВА АЖАР БАХЫТҚЫЗЫ

АЙНАБЕКОВА ИНДИРА ТАЙКОНЫРОВНА

АВТОМАТИЗИРОВАННЫЕ ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА РАЗВИТИЕ ЭКОНОМИКИ	211
---	-----

АЙНАБЕКОВА ИНДИРА ТАЙКОНЫРОВНА

INTEGRATED DEVELOPMENT OF ENTREPRENEURSHIP UNDER CONDITIONS OF WAR: VALUES TRANSFORMATION AND NEW OPPORTUNITIES	215
---	-----

KATERYNA VOICHENKO

Literature

РОЛЬ НАЦИОНАЛЬНО-ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ В СОВРЕМЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЕ	220
--	-----

АХМЕТЖАНОВА Ә.Т

Medical Sciences

О МЕХАНИЗМАХ ПОДДЕРЖАНИЯ КИСЛОТНО-ЩЕЛОЧНОГО РАВНОВЕСИЯ ПРИ РАЗЛИЧНЫХ ФОРМАХ НЕСПЕЦИФИЧЕСКОГО ЯЗВЕННОГО КОЛИТА	225
---	-----

ТЕМИРБЕКОВ АЛИШЕР НИЗАМЕТДИНОВИЧ

АЙМАХАНОВ МАҚСАТ СӘКЕНҰЛЫ

XV-XVIII ғғ. поэтикалық жыраулар тіліндегі дене мүшелерін білдіретін терминдер

Сейітбекова Айнур Аташбековна

Кандидат филологических наук, ведущий научный сотрудник отдела истории языка и тюркологии Института языкознания А. Байтурсынова, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-4268-1572>

Жанабаев Кайрат

Кандидат филологических наук, доцент, ведущий научный сотрудник НИЦ казахского фольклора и литературы им.Жамбыла, КазНУ имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-4755-6631>

Тургенбаева Айжан Шохановна

Младший научный сотрудник отдела истории языка и тюркологии Института языкознания имени А.Байтурсынова, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-4888-5966>

Аннотация. Мақалада XV-XVIII ғғ. поэтикалық жыраулар тілінде соматикалық лексикалық бірліктердің өлең жолдарындағы семантикалық-функционалды қолданасы талданады. Атап айтқанда, дыбыстық, буындық, лексикалық анафоралар және эпифораға, реди́фе құрылған формульдік құрылымдары анықталады. Зерттеудің лингвостатистикалық, функционалдық-семантикалық талдау әдістері қолданылады.

Тірек сөздер: жырау, соматикалық атаулар, метафора, фразеологизм, формульдік грамматика.

**Термины, обозначающие части тела человека
в поэзии жырау XV-XVIII вв.**

Аннотация. В статье анализируется семантическое-функциональное использование соматических лексических единиц в устной поэтической речи жырау XV-XVIII вв. В частности, определяются звуковые, слоговые, лексические анафоры и формульные структуры, построенные на эпифоре, реди́фе. В исследовании используются лингвостатистический, семантически- функциональные методы.

Ключевые слова: жырау, соматические названия, метафора, фразеологизм, формульная грамматика.

**Terms denoting parts of the human body
in the poetry of Zhyrau XV-XVIII centuries.**

Annotation. The article analyzes the semantic and functional use of somatic lexical units in the oral poetic speech of Zhyrau XV-XVIII centuries. In particular, sound, syllabic, lexical anaphors and formulaic structures based on epiphora and redif are determined. The study uses linguistic-statistical, semantic- functional methods.

Keywords: zhyrau, somatic names, metaphor, phraseologism, formal grammar.

Соматикалық атаулар – кез келген тілдің лексикалық қорындағы көне қабат. Себебі адам баласы дүниеге келгеннен бастап алдымен өзінің дене мүшелерін танудан бастайды және өзінің бойындағы қасиеттерді қоршаған ортамен салыстырады. Сондықтан соматикалық атаулар кез келген тілдің ауыспалы мәнде немесе тіркес құрамында негізгі ұйытқы сөз бола отырып, семантикалық-функционалды қолданысын, осы арқылы қазақ тілінің ұлттық қорпусын байытқан, тіпті қазіргі таңда кейбір ғылым салаларында терминдік мәнге ие болған. Жалпы қазақ тіл білімінде соматикалық атауларды Ә.С. Ташауов, К. Жидебаев, Ә. Болғанбаев, Р.Е. Валиханов, Д.Х. Базарова, Н.М. Қоқышева, Л.А. Сайфи, Г. Сағидолда, Уызбаева т.б. ғалымдар зерттеу нысанына алған. Соматикалық атаулар көне түркі дәуірінен бері жазба ескерткіштер мәтіндерінде ерекше стильдік мәнге ие болған болса, XV-XVIII ғғ. ауызша поэзияның да көркемдік жүйесін байытқан. Осыған орай соматизмдердің XV-XVIII ғғ. жыраулардың поэтикалық тіліндегі тұрақты лексикалық компонент құрауын, формульдік стилистикасын, грамматикасын, көркемдік жүйесін, метафорлану ерекшеліктерін талдаудың маңыздылығы зор.

Әр жыраудың жыл жолдарында сыртқы және ішкі ағзаларға да байланысты соматикалық атаулар кездесіп отырады. Біздің есептеуіміз бойынша жыраулар тілінде 40-тан аса (қайталауларын есептемегенде) соматикалық атаулар кездеседі: бас сөзі 54 рет, қол сөзі 31 рет, аяқ сөзі 13 рет, көз сөзі 13 рет, ерін сөзі 2 рет, ауыз сөзі 15 рет, бет сөзі 4 рет, құлақ сөзі 4 рет, шаш сөзі 5 рет, сақал сөзі 3 рет, миық сөзі 1 рет, мұрт сөзі 3 рет, мойын сөзі 11 рет, бел сөзі 14 рет, бұғана сөзі 1 рет, арқа сөзі 3 рет, білек сөзі 1 рет, омырау сөзі 3 рет, тұлымшақ сөзі 3 рет, қабақ сөзі 3 рет, табан сөзі 5 рет, емшек сөзі 3 рет, желке сөзі 4 рет, тері сөзі 9 рет, тізе сөзі 2 рет, саусақ сөзі 1 рет, тырнақ сөзі 1, қарын сөзі 3, сан сөзі 2 рет, маңдай сөзі 1 рет, таңдай сөзі 1 рет, бармақ сөзі 1 рет, жүрек сөзі 10 рет, тіл сөзі 10 рет, бауыр сөзі 2 рет, қан сөзі 9 рет, омыртқа сөзі 2 рет, қабырға сөзі 6 рет, қолтық сөзі 2 рет, тіс сөзі 6 рет, сүйек сөзі 1 рет, қуық сөзі 1 рет, тамыр сөзі 1 рет, жұлын сөзі 1 рет, бұт сөзі 1 рет, без сөзі 1 рет, шыр (шырай) сөзі 1 рет.

Аталмыш соматикалық атаулардың барлығы жыраулар тілінде тура мағынасынан гөрі метафораланған немесе фразеологиялық бірлік ретінде жұмсалған. Бұл жайында Б. Хасанов: «Метафораларды саралай келгенде, олардың адамға, оның дене мүшелеріне байланысты жасалғандарын көп кездестіреміз. Адам өзінің қасиеттерін табиғат құбылыстарын, жансыз нәрселерге ертеден-ақ теліген. Бұған қарағанда адамға байланысты метафоралар – ең көне метафоралар. Адамның метафоралары қолданылмайтын мүшесі жоқ, басынан бастап бақайына дейін, яғни барлық мүшесі түгел метафораланады», – дейді [1]. Тіл-тілдің негізгі сөздік қорының ең көнелерінің бірі ретінде танылатын «анатомиялық атаулар» көпмағыналы, туынды жаңа сөз жасауға бейімділігімен ғана сипатталмайды, сонымен бірге тұрақты тіркестер жасаудағы белсенді қызметімен айрықша көзге түседі [2].

Жыраулар тілінде соматикалық атаулардың ішінде *бас*, *ауыз*, *қол* сөздері жиілігі тұрғысынан ең көп жұмсалған сөздер. Мәселен, «бас» сөзінің семантикалық ауқымы өте кең. Г. Сағидолда «бас» сөзін тілдік модел ретінде әртүрлі сипаттап, сөздегі қолданысына қарай бөлшектерге бөліп қарастырған. Бас сөзін тілдік бейнеде сөйлету үшін мынадай бірнеше белгілері көрсеткен: 1) бас – жоғарғы әлем белгісі, 2) бас – индивид белгісі, 3) бас – әлеуметтік орта белгісі, 4) бас – уақыт белгісі 5) бас-биологиялық белгі [3]. Біз қарастырып отырған жыраулар тілі қоғамдық, ерлік-жаугершілік тақырыптарға арналғандықтан, соматикалық атаулар төмендегідей топтастырылып қарастырылады:

1. «Басқару» мәніндегі соматикалық атаулар.
2. «Жеке тұлғаның бағы, бақыты, амандығы» мәніндегі соматикалық атаулар.

3. «Жауды жеңу, құрту, жою» мәніндегі соматикалық атаулар.

4. «Татулық, ауызбіршілік» мәніндегі соматикалық атаулар.

1) «Басқару» мәніндегі соматикалық атаулардың ішінде бас және қол сөздерінің орта ғасырда «батырлар мен сұлтандардың елді басқару, әскерді басқару» мәнінде *бас болу, бас көтеру, басын құрау, бас байлау, қол бастау* тіркестері қолданылады. Мәселен,

Жауға шаптым тү байлап,

Шепті бұздым айғайлап.

Дұшпаннан көрген қорлықтан

Жалынды жүрек қан қайнап,

Елді-жұртты қорғайлап,

Өлімге жүрміз *бас байлап*! [4, Ақтамберді жырау. Б.ғ.ж. – 61 бет]

Берілген өлең жолдарында ұйқасқа құралған поэтиканың ерекше морфологиялық формасы – көсемшенің -п жұрнағының қолданысымен ерекшеленеді. *Ту байлап, айғайлап, қайнап, қорғайлап, бас байлап* етістіктері дыбыстық, буындық, семантикалық тұтастықта құралып, өзара рифм тұғызған. Елін жаудан қорғап қалу үшін батырдың ерлік әрекеттері *бас байлап* тұрақты тіркесімен аяқталып, өлең жолдарының көркемдік стилін арттырған.

«Басқару» мәніндегі келесі жыр жолдары Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған арнауы мысал бола алады. Сыртқы жаудың шапқыншылығынан қорғану, жеңу үшін қазақ халқының бірігу мәселесі тұрады. Бұхар жырау осы істі жүзеге асырған Абылай ханның жасаған ерлік істерін мақтайды:

Алтын тақтың үстінде,

Үш жүздің *басын құрадың*.

Жетім менен жесірге

Ешбір жаман қылмадың [4, Бұқар жырау. Б.ғ.ж. – 98 бет].

Берілген жыр жолдары арнау жанрында айтылғандықтан, екінші тармақтары бұйрық райдың *дың* грамматикалық қосымшалармен араласып, синтаксистік анафораға құрылған.

«Қол» сөзі көшпелілер арасында жасақ, қосын, лек әскер ұғымдарында қолданылған дәстүрлі әскери атау [5]. Жыраулар тілінде *қол бастау, қол бастар* түрінде көп қолданылады. Көпшілікке белгілі Бұқар жыраудың мына өлең жолдарында кездеседі:

Ел бастау қиын емес,

Қонатын жерден көл табылады.

Қол бастау қиын емес,

Шабатын жерден ел табылады.

Шаршы топта сөз бастаудан қиындын көргем жоқ (Бұқар жырау. Б.ғ.ж. – 83 бет).

Жыр жолдарында бірінші мен үшінші, екінші мен төртінші жолдарының қайталануы арқылы дыбыстық, буындық, мазмұндық тұрғыдан ұйқасқан, өлеңнің соңғы тармағы қорытынды ойды беріп тұр. «Елді басқару» мәніндегі *ел бастау* тіркесіне «қалың әскерді басқару» мәніндегі *қол бастау* тіркесі өзара үйлесіп, халық арасында афоризмге айналған қолданыстар. Осы жыр жолдарына мәндес Шалкиіз жыраудың:

Ғадыл төре ел бастар,

Батыр жігіт *қол бастар*,

Шешен адам сөз бастар [4, Шалкиіз жырау. Б.ғ.ж. – 43бет].

Келтірілген жыр жолдарында да *ел бастар, қол бастар, сөз бастар* өзара ұйқасқа құралған морфологиялық әрі лексикалық тұрақты тіркестер, халық арасына таралған дәстүрлі шұмақтар.

Доспамбет жыраудың мына жыр жолдарында негізгі мағынаны білдіріп тұрған – *ала балта қолға алып* тіркесі.

Тоғай, тоғай, тоғай сү,

Тоғай қондым, өкінбен,

Толғамалы *ала балта қолға алып*,

Топ бастадым, өкінбен [4, Доспамбет жырау. Б.ғ.ж. – 34 бет].

Жыр жолдарындағы бастапқы «Тоғай, тоғай, тоғай су» анафоралық формулаға құрылған. Лирикалық кейіпкердің ерлік істерін айғақтайтын *ала балта қолға алып* тіркесі мен *өкінбен* етсітігінің қайталануы арқылы өлең жолдарының стилі мен жанрын қалыптастырған.

2) «Жеке тұлғаның бағы, бақыты, амандығы» мәніндегі соматикалық атаулар *бас* сөзімен бейнеленеді. Жыраулар тілінде «бас берсін», «бақыт қонсын басыңа» тіркестерімен өрнектеледі. Мәселен,

Тағы да талай бақ берсін,

Балаңа алтын тақ берсін,

Бөгенбайдай жас берсін,

Өлшеусіз *мал мен бас берсін!* [4, Үмбетей жырау. Б.ғ.ж. – 80 бет].

Жыр жолдарының әрбір тармағы өзара мазмұнадас, желілес, сабақтас ұйқасқа құрылған бұйрық райдың үшінші жағында айтылған бата.

Ақтамберді жыраудың мына жыр жолдарында логикалық екпін – *бақыт қонса басына* дәстүрлі тіркеске түсіп тұр.

Жел, жел есер, жел есер,

Жекендейін саусылдап

Ораздының ұлы есер,

Өрісінде малы өсер,

Ағайыны тел есер,

Бақыт қонса басына

Жақсылармен тең есер [4, Ақтамберді жырау. Б.ғ.ж. – 58 бет].

Өлең жолдарында «ырыс-беркенің, молшылықтың» мәнін білдіріп тұрған «өсер» етістігінің қайталануы арқылы өлең тармақтары грамматикалық тұрғыдан үйлесімді жұп құраған. Сонғы тармақтары негізгі ойды түйендеп тұр.

3) «Жауды жеңу, құрту, жою» мәніндегі соматикалық атаулардың ішінде «басын қаққанда», «бас кетер», «қол кескен» тіркестерімен көрініс табады.

Жебелей жебе жүгірген

Ерлердің арғымақтан игі малы болар ма,

Жағаласса, жыртылмас,

Ерлердің жеңсізден игі тоны болар ма,

Дулығалы бас кескен

Ерлердің алдаспаннан игі қолы болар ма! [4, Шалкиіз. Б.ғ.ж. – 36 бет].

Жар басына қонбаңыз,

Дауыл соқса, үй кетер.

Жатқа тізгін берсеңіз,

Жаламенен *бас кетер* [4, Бұқар жырау. Б.ғ.ж. – 88 бет].

Жиырма жасың толғанда,

Қалмақпен соғыс болғанда,

Алғашқы бақты тапқанда,

Шарыштың *басын қаққанда*, [4, Үмбетей. Б.ғ.ж. – 76 бет].

Алп, алп басқан, алп басқан

Арабы торым өзіңсің,

Жазылы, алтын, қол кескен

Алдаспаным өзіңсің! [4, Шалкиіз жырау. Б.ғ.ж. – 37 бет].

4) «Татулық, ауызбіршілік» мәніндегі соматизмдерге *бас қосу, бір ауызды болу* сияқты тіркестер жатады:

Екі жақсы *бас қосса*,

Санат емей немене [4, Бұқар жырау. Б.ғ.ж. – 88 бет].

немесе

Байлар ұғлы шоралар,

Бас қосыпты десін де,

Маң-маң басып жүріңіз.

Байсалды үйге түсіңіз [4, Бұқар жырау. Б.ғ.ж. – 93 бет].

Хан жарлығын алмады,

Баяғыдай баршындап,

Бір ауызды болмады

Қас тұрпайы болған жұрт [4, Бұқар жырау. Б.ғ.ж. – 84 бет].

Бұдан бөлек өлең жолдарында «қол» сөзімен мынадай тіркестер кездеседі: *қол төңкеру, қол жидыру, қол келу, қол беру, қол көріну, қол қондыру, қол қосу, қол салу, қолы тию, қолы жету, қол қусыру, қолыңды малу* т.б.

Жыраулар тілінде соматикалық атаулар ұйытқы болатын халықтық қолданысқа айналған мынадай фразеологизмдер кездеседі. Мәселен, *бас қосу, бетін қара ету, арқасына ауыр іс түсу, қызыл тіл, көзінің жасын төктіру, көзіңнің жасын көл қылу, қабырғасын сөктіру, қаз мойынды, бұғана қатып, бел бекіп, түйе мойнын тұз кесер, жігіт мойнын қыз кесер, жалынды жүрек қан қайнап, тіл алмау, бір ауызды, қол қусыру, жалаң аяқ, араз болсаң алты ауыз, үш ауыз сөз, бір ауызды болу, құлақ салу, тар құрсағын кеңейткен, тас емшегін жібіткен, желке терің құрысып, тізе бұгу, тырнағын қатты батыру, тісін қайрау*, т.б. қолданыстар кейінгі ақын-жыраулардың шығармаларында тұрақты эпикалық тіркес ретінде қалыптасқан.

Жыраулар тіліндегі жеке қолданыстар: *қылыш ілдім білекке* (Ақтамберді жырау), *жүрегiнiң басы едім* (Шалкиіз жырау), *сары су болды жүрекке* (Ақтамберді жырау), *теріс аяқ* (Тәтіқара), *тізесін қисық бұру* (Ақтамберді жырау), *саусағым жерге түсірмен* (Ақтамберді жырау), *кебеже қарын, кең құрсақ* (Бұқар жырау), *жалынды жүрек* (Ақтамберді жырау), т.б.

Қазіргі таңда соматикалық атаулардың термин ретінде әсіресе медицина саласында, ұлттық топонимикада кеңінен қолданылады. Осыған қатысты Қ.Рысберген мен Б.Бияров жан-жақты қарастырған. Б.Бияров 41 соматикалық терминді жинақтаса [6], Қ.Рысберген 43 жер-су атауларын жасауға қатысатын соматикалық терминдер тізімін береді [7].

Қорыта келгенде, соматикалық атауларға қатысты мынадай тұжырымдарға келдік:

- жыр жолдарында соматикалық атаулардың ішінде ең жиі кездесетін ұйытқы лексикалық бірліктер ретінде *бас, қол, ауыз* сөздері жатады;

- соматикалық атауларды қайталау тәсілі арқылы жасалған ауызша тілдің стильдік техникасы би-шешендердің жырларында, тіпті кейінгі ақындардың сөз саптауында *поэтикалық тұрақты эпикалық формула* ретінде дәстүрлі түрде жалғасып жатады. Сонымен қатар жыраулар тілінде соматикалық атаулардың қатысуымен жасалған жеке қолданыстар да анықталды;

- соматикалық атаулардың бірқатары поэтикалық көркем стильдің формуласын түзетін дыбыстық, буындық, лексикалық анафораға, эпифораға, редифке құрылған;

- соматикалық лексиканың ішінде тармақ соңында ерекше логикалық әрі семантикалық екпін түскен сөздер мен грамматикалық қайтаулалар дәстүрлі түрде сақталып отырған;

- дене мүшелерінің атаулары соматикалық код ретінде медицинада, топонимикада терминдік мәнге ие болған.

Аталмыш мақала «XV-XVIII ғасырлардағы жырау поэзиясының көркемдік-анықтама жүйесі, «формульдық стилистика» және «формульдық грамматиканың» кешенді аналитикалық зерттеуі. Жиілік сөздігі» гранттық жобаның ғылыми-зерттеу гранттық жобаның негізінде әзірленген.

Әдебиет

1. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, -187 б
2. Болғанбаев А. Анатомиялық атауларға байланысты фразеологизмдер. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. – Алматы, 1989. 107-б.
3. Сағидолда Г., Г. А. Әбдімәулен. «Бас» компонентті соматикалық фразеологизмдердің лингвомәдени сипаты (түркі (қазақ, татар, башқұрт) және ағылшын тілдері негізінде)/ Ясауи университетінің хабаршысы, №1 (127), 2023. -7-20 бб.
4. *Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын жырауларының шығармалары.* – Алматы: Жазушы, 1984. – Т.1. – 256 б.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 9-том / Құраст.: Ә. Ыбырайым, А. Жаңабекова, Қ. Рысбергенова және т.б. – Алматы, 2017. – 744 б.
6. Рысберген Қ.Қ. Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері. – А.: «Дайк-Пресс». -2011.
7. Бияров Б. Өр Алтайдың жер-су аттары. – Алматы 2002. 180-б.

ЛИТЕРАТУРА

1. Гассин, Э. А. Психология прощения // Вопросы психологии. – 1999. – № 4. – С. 93–104.
2. Гроголева О.Ю., Чупикова О.А. Взаимосвязь социально-психологических характеристик прощения как феномена межличностного общения с агрессией: гендерный аспект/ Вестник Омского университета. Серия «Психология». 2014. № 1. С. 4–16.
3. Крюкова Т.Л., Сапоровская М.В.. Семья: стресс, копинг, адаптация. Проблемы психологии совладающего поведения в семейном контексте. Коллективная монография / отв. ред. Т.Л. Крюкова, М.В. Сапоровская. - Кострома: Изд-во КГУ им. Н.А. Некрасова. - 2003
4. Орлов Ю.М. Обида. Вина / Ю. М. Орлов. - 2-е изд., испр. - М. : Слайдинг, 2002. – 90 с.
5. Печин Ю.В. Становление и развитие психологии прощения в США: краткий обзор // Электронный журнал «Психологическая наука и образование psyedu.ru». 2014. Т.6. №4.С. 194-206.
6. Платонова Е.В. Дискурс покаяния: когнитивные структуры и особенности коммуникантов//Вестник ТГПУ (TSPU Bulletin). 2013. 13 (141) — 202с
7. Родионова А.А, Технология развития нравственной потребности личности посредством развития способности к прощению / А.А. Родионова // Деевские чтения, 2006. Психодиагностика и коррекция в работе практического психолога. Мат-лы VI науч.-практ. конф. Рязань, 2006. С. 53-54.
8. Exline, JJ, et al., "Expressions of Forgiveness and Repentance: Benefits and Barriers," In M. McCullough, K. Pargament, and C. Thoresen (eds.), Forgiveness, pp. 133-155, New York: Guildford. 2000.
9. Frijda, NH., "Emotions", Cambridge: Cambridge University Press, 1986.
10. Fitzgibbons, 1986, с. 630;
11. Greenberg, L.S., "Paivio S.K. Working with Emotion in Psychotherapy, New York, NY: Guilford Press, 1997.
12. McCullough, Maine, Beyond Revenge: The Evolution of the Forgiveness Instinct, San Francisco, CA: Jossi-Bass, 2008.
13. Timulak L., Emotionally Focused Therapy as a Transdiagnostic Treatment for Depression, Anxiety and Related Disorders:Protocol for Initial Randomized Controlled Feasibility Trial, Version 1. HRB Open Res., vol. 3, no. 7, pp. 5-11 2020.



Proceedings of the 2nd International Scientific Conference «Research Retrieval and Academic Letters» (May 12-13, 2023). Warsaw, Poland, 2023. 315p

editor@publisher.agency

<https://publisher.agency>

University of Warsaw

Solipska 29

02-482 Warsaw, Poland